

Түркістан облысы, Арыс қаласы

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

# ӨЗ ТІЛІНДІ КҮРМЕТТЕ

**Тіл мерекесіне арналған дөңгелек үстел**

*Откізген:*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұгалімі: Г.Уткельбаева*

*2022-2023 оқу жылы*

**Сабактың тақырыбы: "Озге тілдің бәрін біл, ез тілінді күрметте"**

**Мақсаты:** Мемлекеттік тілдің қолдану аясын көңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын көңінен насиҳаттау. Оқушылардың патриоттық сезімін оятып, тілін, Отаңын, елін, жерін сүюге, салт-дастурін, тарихын күрметтеуге тәрбиелу

**Сабактың барысы:**

«Айқоркем» би тобының орындаудында «Қазақ» биімен ашылады.

**Мұғалім сөзі:**

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЙЛЫ

Жыланның көзіндегі мейірімді ,  
Қыранның көзіндегі мұнды .  
Бұлбұлдың үніндегі сағынышты ,  
Құстың қанатындағы таңбаны оқып ,  
Шыбынның ызынын ұғу ,  
Жұмбак әлемнен сыр шерту , бұл тек қана осы ұлы дағанын киелі Маруанакыра  
 билеріне ғана бұйырган болса , осы тылсым сырларды жеткізген де қазактың тілі.  
Қазакты Қазақ еткен мейірімді тілі,  
Мейманды досы,  
Мархаббатты төрі.  
Мамыражай көнілі,- деп қазақ тілін дәріптеген еді Қазыбек би бұдан 3 гасыр бұрын.  
Сондай гажайып тенсеге ис болған ана тіліміздің бүтінгі құйі қалай? Қымбат  
казынамызды сақтай алдық па? Келешек ұрпакка бабалар аманатын сол құйінде  
жеткізе аламыз ба?

Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, ана тілімізді дәріптеу, өркендеуіне үлес қосу  
мақсатында жоспарланған «Озге тілдің бәрін біл, ез тілінді күрметте» атты бүгінгі  
шарамызды бастауга рұқсат етсеніздер.

Тәуелсіз, егемен елдің басты белгілерінің бірі – тіл. Әр халықтың аса бай рухани  
казынасы – туған ана тілі. Туған тіл домбыраның күмбір қаккан сазындей. Асқан  
әуезділігі – шырқап салар әніндей. Оған қазақ халқының үрпағы ғана емес, Қазақстанды  
мекендер жатқан барлық халық үлес қосуы тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-касиеtin  
өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насиҳаттауымыз керек.

Бүгінгі алқалы жиынға қатысып отырған конактарымызбен таныстырып өтсек:

- |        |        |
|--------|--------|
| 1..... | 2..... |
| 3..... |        |
| 4..... |        |
| 5..... |        |

**Жүргізуши:**

Танытқан қазагымның қазақтығын,  
Танытқан қазагымның азаттығын,  
Танытқан қазагымның ғажаптығын,  
Айналдым құдіретінен Қазақ тілім.

1. Ана тілі жайлы жыр жолдарын, 9-сынып оқушыларының лебізін тынданыздар.

**Ал енді тіліміздің мәселесіне кошсек.**  
**1-сұрак**

**Мемлекеттік тілдің қазіргі таңдағы жағдайы қандай?**

Конактардың жауабы тындалады.

**Бейнеролик «Мәңгүрт»**

**2-сұрак**

**Бейнеролик туралы ойыңыз? Үлкен қалаларда жастар, жасөспірімдер арасында ана тіліміздің қадір-қасиеті қандай күйде?**

**3-сұрақтың алдында көрсетіледі. Слайд. Мемлекеттік тіл Заңнамада**

**1. Қазақстан Конституциясы 7-бап, 1-тармақ**

Қазақстан Республикасындағы **мемлекеттік тіл** - қазак тілі.

**2. Қазақстан Конституциясы 93-бап**

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы занга сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары **мемлекеттік тілді** еркін әрі тегін менгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

**3. Қазақстан Конституциясы 41-бап, 2-тармақ**

Қазақстан Республикасының Президенті болып тұмысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, **мемлекеттік тілді** еркін менгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жогары білімі бар Республика азаматы сайланған алады.

**4. Қазақстан Конституциясы 58-бап, 1-тармақ**

Палаталарды **мемлекеттік тілді** еркін менгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрагалар басқарады. Сенат Төрагасының қызметіне кандидатуралы Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

**5. КР Тұтынушылар-лын құқыктарын корғау туралы заң  
24-бап**

**Сатушы** (дайындаушы, орындаушы): тауар туралы қазақ және орыс тілдерінде ақпарат беруге міндетті;

**6. ҚР Сауда қызметін реттеу туралы заңы  
24-бап 2-тармак**

Тауарлардың сапасы туралы мәліметтер мынадай акпаратпен расталады:

- 1) дайындашының тауар белгісі;
- 2) тауардың шықкан елі;
- 3) тауардың құрамы туралы;
- 4) азық-түлік тауарлары үшін – тамак құндылығы;
- 5) дайындаған күні;
- 6) сақтау және жарамдылық мерзімі туралы;
- 7) стандарттау жөніндегі құжаттың көрсетілуі;
- 8) стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес өзге де мәліметтер.

Тауар сапасына қойылатын жоғарыда аталған талаптар туралы акпарат **казак және орыс тілдерінде затбелгілерде, жапсырмаларда, косымша парактарда, материалдық жеткізгіштерде** қамтылуға тиіс.

### 3-сұрап

- Сіз қызмет етіп жүрген мекемеде ресми іс-қағаздар қалай жазылады? Казак тіліндегі құжаттар мен орыс тіліндегі құжаттардың пайыздың ара қатынасы қандай?

**9-сынып оқушысы Салқынбек Перизаттың орындаудында «Ананың тілі» әнін қабыл алыныздар.**

### 4. Соңғы сұрап:

Сіздің каспи, халық банк қосымшаның кай тілде тұр?

Осы орайда, ана тіліміздің мәртебесін көтеруде карапайым халық не істей керек деген сұрап туындаилы? Каспи. Халық банк сынлы ел көп колланатын банк қосымшаларын қөвшілік орыс тілінде пайдаланады. Дүкенде зат сатып алса да, аударым жасағанда қөвшілік да орыс тіліндегі нұсқасын таңдайды. Осы қызметтерді казак тілінде орындауға қөвшілікті шақыру керек. Ана тілімізді құрметтеу, мәртебесін көтеру осындай күнделікті тіршіліктен бастау алады.

«Лиамыздың ак сүтімен бойымызга дарыған тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген еken Бауыржан Момышұлы. Бүгінгі айтылған сөздер, көтерілген мәселе бойынша бір ауыз сөзben түйіндесек...

### Жүргізушиден бір ұсыныс:

Балаларыңызға, немерелеріңге Aqyl Battle ойынын ойнатыңыз. Білімді казак жастарының дайындаған қосымшасын жүктеп алу арқылы әртүрлі саланың қызықты сұраптарына жауап беріңіз. Достарыңызбен және баска да ойыншыларымен викториналық баттлға қатысып, женіске ұмтылыңыз! 24 бағыттан тұратын бұл қосымшадан әр бала өзі қызықкан пәнін, бағытын таңдап ойнап женіске жете алады. Ең ұтымдысы ұлттық құидылығымыз - ана тіліміздегі ойын!

### Ән. Қазақ тілі

**Қымбат уақытын бөліп келген қонақтарға алғысымызды айта отырып, бүгінгі кешіміз мәресіне жеткенін айтқым келеді. Ана тіліміздің мерейі асқақтай берсін!**  
**Қош, сау болыңыздар!**

## Онкүндік барысында откізілген іс-жаралардан көріністер

